

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ТҮТАС ОЙЛАУ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*This article deals with the issues of the Kazakh language learning through the integrity of logics and their successful results.*

Қазіргі дүниежүзілік білім кеңістігіне ену мақсаты көзделіп отырған шақта, ертеңгі күні халыққа қызмет етер білікті маманның мемлекеттік тілде еркін сөйлеуі тиіс.

### **Мемлекеттік тілді үйретуде басшылыққа алынатын міндеттер:**

- қазақ тілін ұтымды меңгерудің теориялық негізіне сүйеніп жасалған, когнитивті-коммуникативтік біліктілікті қалыптастыру бойынша практикалық нұсқауларды күнделікті сабақта пайдалану;
- оқушылардың қазақ тілінде дұрыс және мәнерлеп оқу іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру;
- қарым-қатынас іскерлігі мен дағдысын, мәселен, диалог сөзге түсу іскерлігін, нақты сұрақ қойып, сұраққа жауап бере білуді меңгеруіне ықпал ету;
- дәріс беру кезінде шағын жазба жұмыстарының жүргізілуі білімгерлердің тілдік сауаттылығын арттырумен бірге олардың шығармашылық деңгейін көтеруге көмектеседі;
- монологтық сөйлеу дағдысын қалыптастыруға жағдай жасау.

Қазақ тілін екінші тіл және шет тілі ретінде оқытуда халықаралық стандартқа, фонетико-интонациялық, лексико-семантикалық және грамматикалық деңгейдегі оқу материалдарына сүйене отырып, сонымен қатар когнитивті-коммуникативтік біліктілікті қалыптастыруда **модульдік технологияны, проблемдік оқыту, ситуациялық-рөлдік ойындар** және т.б. әдістерді қолдану, оқытудың техникалық құралдарын, аудио және компьютерлік бағдарламаларды пайдалану арқылы төмендегі бөлімдердің тиімділігін дәлелдеу көзделеді:

1. Ұсынылып отырған жалпы әмбебап-семантикалық ұғымдарға, мәселен, тіршілік, болмыс, болу, кеңістік, уақыт, қимыл-қозғалыс, процесс, сан-мөлшер, т.б. негізделген қазақ тілінің лексикалық қорын көбейту;
2. Қазақ тілін оқыту үрдісінде қолданылатын этномәдени оқу материалдарын жүйелі түрде түсіндіру;
3. Көптілді және мультимәдени тұлғаны қалыптастыру үрдісін белсенділендіру;
4. Азаматтық пен патриотизмге және ұлттық салт-дәстүрімізге қатысты өмірлік құндылықтардың позитивті өзгеруіне ықпал ету;
5. Оқулық пен басқа да көркем мәтінді оқуда мәнерлеп оқу іскерлігін қалыптастыру;
6. Көптілді біліктіліктің жоғары когнитивті-коммуникативтік деңгейіне қол жеткізу;
7. Ұсынылған оқу материалының лексикалық және грамматикалық қорын меңгеру;
8. Дыбыстау-интонациялық деңгейде мүмкін болатын интерференцияны жою.

Оқушылардың жаңа сабақты тыңдау мен есту сияқты қабылдау жолдарымен қатар сипап сезу, моторика сияқты жолдары арқылы өткізілген сабақ адамның есте сақтау қабілетін дамытады (восприятие пятью каналами).

Сабақта қолдануға тиімді сабақтардың тәсілдердің бірі – релаксация сабақтары.

Тұтас ойлау қабілетін қалыптастыруда, тіл үйретуде жалпы жаратылыс заңдылықтарына сүйену, тыңдаушының психологиялық ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Ол үшін адамның денсаулығын сақтандыра отырып, білім беру технологиясының (Н.В. Маслова. «Ноосфералық білім беру») релаксация әдісін қолдану тиімді деп санаймыз.